

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ
ЖӘНЕ КӘСІБИ-ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛАҒЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

Тифлопедагогтер мен арнайы және жалпы мектепке
дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне арналған

**«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН
БАЛАЛАРДЫ
ОҚЫТУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАЗМҰНДЫҚ
НЕГІЗДЕРІ»**

**педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының
білім беру бағдарламасы**

Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Глоссарий.....	4
3. Бағдарламаның тақырыбы.....	5
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	6
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	8
6. Оқу процесін ұйымдастыру	12
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	13
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау	13
9. Курстан кейінгі сүйемелдеу	14
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	14

1. Жалпы ережелер

1. «Мектеп жасына дейінгі көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудың ұйымдастырушылық және мазмұндық негіздері» біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) тифлопедагогтар мен көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы және жалпы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілерін оқытуды регламенттейді.

2. Қазақстан Республикасының қазіргі білім беру саясатында мектепке дейінгі білім беру мазмұнын қоғамның қарқынды өзгеріп отыратын сұраныстарына сәйкестендіруге және барлық санаттағы балалар үшін, олардың ерекше қажеттіліктерін, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз ететін талаптарға баса назар аударылуда. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуы үшін ерекше көңіл бөліп, арнайы жағдайлар жасау қажет. Оларды тәрбиелеу мен оқыту үшін ерекше жағдайлар жасау, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың сапалы білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ететін негізгі талап болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар санаттарының бірі – әртүрлі дәрежедегі және этиологиядағы көру қабілеті бұзылған балалар болып табылады, бұл әрбір тәрбиеленушінің нақты қажеттіліктері мен білім алу мүмкіндіктеріне сәйкес арнайы білім беру жағдайларының вариативтілігін айқындайды. Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі көру қабілеті бұзылған балаларды тәрбиелеу мен оқыту тәжірибесінде осы қызметтің ерекшелігі, яғни көру патологиясының нақты түрлеріне тән сипаттамалар толық көлемде ескеріле бермейді.

Тифлопедагогтар мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілері үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мен практикалық маңыздылығы, балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың заманауи инновациялық тәсілдері мен көру қабілеті бұзылған балалар үшін арнайы білім беру жағдайларын құру саласында педагогтардың даярлығының жеткіліксіз болуынан туындаған қайшылықпен айқындалады, бұл, өз кезегінде, құрылымының ерекшеліктерімен және көру қабілетінің бұзылу дәрежесінің ерекшеліктеріне байланысты аталған қызметтің ұйымдастырушылық-мазмұндық негіздерін нақтылау мен вариативтілігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

3. Білім беру бағдарламасы көру қабілеті бұзылған тәрбиеленушілерге қазіргі заман талаптарына сай тәрбие мен білім беру үдерісінің сапасына қол жеткізуге бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастырудың инновациялық тәсілдеріне негізделген білім беру міндеттерін іске асыруға қабілетті тифлопедагогтар мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2. Глоссарий

ҰҒЫМ	ҰҒЫМНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ
бейімделген оқу бағдарламасы	мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып құрастырылған оқу бағдарламасы
көру қабілеті бұзылған балалар	көзілдірікпен толық түзетілмеген аметропия түріндегі жеңіл көру бұзылыстары бар, ерте немесе мектеп жасына дейінгі балалық шақта пайда болған амблиопия және (немесе) қылилығы бар көру қабілетінің ауыр қайталама бұзылыстары болмайтын балалар тобы
жеке дамыту бағдарламасы	оқушыға педагогикалық көмек көрсетудің негізгі бағыттары мен мазмұнын ашатын бағдарлама: әдістері, тәсілдері, технологиялары
ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар)	даму ерекшеліктеріне, мінез-құлық және эмоционалдық проблемаларына, қоршаған орта факторларына (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени) байланысты тиісті білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болған адамдар (балалар)
зағип (көрмейтін) балалар	мүлдем көрмейтін, жарықты қабылдауы немесе қалдық көруі бар балалар (көру қабілеті 0,04 дейін)
ерекше білім беру қажеттіліктері	Сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін, білім беру және дамыту процесінде көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі
ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау	білім алуға қажетті арнайы жағдайларды айқындау
психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру	арнаулы білім беру ұйымы — туғаннан 18 жасқа дейінгі балаларды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан тексеруді жүзеге асыратын, олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау, осы қажеттіліктерді жалпы білім беретін және арнаулы білім беру ұйымдарында қанағаттандыру бойынша ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ отбасыларға, мұғалімдерге, тәрбиешілерге, мектепке дейінгі және білім беру ұйымдарының мамандарына кеңес беру мақсатында қызмет атқаратын ұйым
мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау	қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені

психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету	педагогтар мен мамандардың жүйелі түрде ұйымдастырылған қызметі барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес оның табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау
мүмкіндігі шектеулі балалар	туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған немесе жарақат салдарынан болған, өмірлік іс-әрекеттерінде шектеулері бар, физикалық және (немесе) психикалық кемістіктері бар он сегіз жасқа толмаған балалар.
көру қабілеті нашар балалар	көру өткірлігі 0,05-тен 0,4-ке дейінгі жақсы көретін көзі көзілдірікпен түзетілген балалар
арнайы білім беоу ұйымдары	мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген арнаулы білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар
білім алудың ерекше шарттары	білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық және басқа да құралдарды, өмір сүру ортасын, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтерді қамтитын, оларсыз ерекше білім беру қажеттіліктері бар жеке тұлғалардың (балалардың) жалпы білім беру және оқыту бағдарламаларын меңгеру мүмкін емес жағдайлар.

Терминдердің өзектілігі олардың білім беру саласындағы нормативтік құжаттардағы соңғы өзгерістерге сәйкестігімен анықталады.

3. Бағдарлама тақырыбы

4. «Мектеп жасына дейінгі көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудың ұйымдастырушылық-мазмұндық негіздері» біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы тәрбиелеу-білім беру үдерісінің құрамдас бөліктерін ашатын өзекті тақырыптарды қамтиды және әртүрлі этиологиядағы, құрылымдағы және дәрежедегі көру қабілеті бұзылған тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық қолдаудың нәтижелілігін арттыру үшін балабақшаның білім беру ортасында қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Бағдарлама көру қабілеті бұзылған балалардың әртүрлі санаттарының: зағип (көрмейтін), нашар көретін және көру қабілеті бұзылған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған мазмұнды ұсынады.

Бағдарламаның негізгі аспектілерінің бірі – көру қабілеті бұзылған барлық балаларға қажетті жалпы жағдайлардан бастап, әрбір тәрбиеленушінің нақты қажеттіліктері мен білім беру мүмкіндіктеріне сәйкес оқу-тәрбие процесін жүзеге асырудың тиімділігін айқындайтын жеке тұлғаға бағытталған

арнаулы білім беру жағдайларының вариативтілігіне назар аудару болып табылады.

5. Бағдарлама келесі тақырыптарды қамтиды:

1-тақырып. Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық базасы.

2-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар топтары. Мүмкіндігі шектеулі балалардың арнайы білім беру қажеттіліктері.

3-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалардың клиникалық-психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

4-тақырып. Балалардағы көру қабілетінің бұзылуының клиникалық-этиологиялық негіздері

5-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы және оларды қанағаттандыру шарттары.

6-тақырып. Мектепке дейінгі мекемеде мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру мен мазмұны.

7-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау — олардың психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуін дараландыруының шарты.

8-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс жасаудағы заманауи педагогикалық технологиялар.

9-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалармен ұйымдастырылған іс-әрекеттің түзету бағыты.

10-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау.

11-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған балабақшадағы емдеу-сауықтыру үдерісін педагогикалық сүйемелдеу.

12-тақырып. Дамуында күрделі бұзылыстары бар, оның ішінде көру қабілеті бұзылған балалармен түзету-дамыту жұмыстары.

13-тақырып. Мектепке дейінгі және білім беру ұйымдарының жұмысындағы сабақтастықты қамтамасыз ету.

14-тақырып. Көру қабілеті бұзылған баланы тәрбиелеп отырған отбасын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

6. Бағдарламаның мақсаты — тыңдаушыларда әрбір тәрбиеленушінің нақты қажеттіліктері мен білім алу мүмкіндіктеріне сәйкес, көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуды ұйымдастыру, даму кемшіліктерін түзету және әлеуметтік бейімдеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарына сүйене отырып, тыңдаушыларда көру қабілеті бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді

ұйымдастыру және арнайы жағдайлар жасау кезінде кәсіби қызметті ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;

2) зағип, нашар көретін және көру қабілетінің функционалдық бұзылыстары бар балалардың клиникалық-психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ашу;

3) көру қабілеті бұзылған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері және оларды қанағаттандырудың әртүрлі шарттары туралы түсінік қалыптастыру;

4) оқу-тәрбие үдерісіндегі заманауи тенденциялар жағдайында мектеп жасына дейінгі көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істеу ерекшеліктерін ашу;

5) көру қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау процесінің мақсатты, ұйымдастырушылық, мазмұндық және тиімді компоненттерін ашу;

6) көру қабілеті бұзылған тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың мазмұны, формалары, әдістері және құралдарымен таныстыру;

7) көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдағы түзету-педагогикалық және емдеу-қалпына келтіру жұмыстарының өзара байланысының ұйымдастырушылық-мазмұндық негіздерін ашу;

8) әр түрлі санаттағы көру қабілеті бұзылған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесінің түзету-дамыту бағытын жүзеге асыруда тифлопедагогикалық технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру;

9) көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және дамуын түзету теориясы мен әдістемесі бойынша алынған білімдерді жеке тұлғаға бағытталған және вариативті жағдайларды ұйымдастыруда қолдану практикалық дағдыларын дамыту.

8. Күтілетін оқу нәтижелері. Тыңдаушылар:

1) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарының негізінде мүмкіндігі шектеулі тәрбиеленушілерге жағдай жасау және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бойынша өз қызметін ұйымдастыру әдістерін негіздей алады;

2) зағип, нашар көретін және көру қабілетінің функционалдық бұзылыстары бар балалардың клиникалық-психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін біледі;

3) көру қабілеті бұзылған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері және оларды қанағаттандырудың әртүрлі шарттары туралы түсінігі бар;

4) оқу-тәрбие үдерісінің заманауи тенденцияларын ескере отырып, мектеп жасына дейінгі көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс жасау ерекшеліктерін біледі;

5) көру қабілеті бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету процесінің мақсатты, ұйымдастырушылық, мазмұндық және тиімді компоненттерін біледі;

6) көру қабілеті бұзылған тәрбиеленушілерді психологиялық-

педагогикалық диагностикалаудың негіздерін меңгерген;

7) көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдағы түзету-педагогикалық және емдеу-қалпына келтіру жұмыстарының өзара байланысы туралы түсініктері бар;

8) әртүрлі санаттағы көру қабілеті бұзылған балалар үшін білім беру процесінің түзету-дамыту бағытын іске асырудың тифлопедагогикалық технологияларын пайдалану дағдыларын меңгерген;

9) жеке тұлғаға бағытталған және вариативті оқыту шарттарын ұйымдастыруда алған теориялық және практикалық білімдерін қолдануға қабілетті.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық- педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативтік.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

1-тақырып: Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық негіздері: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне шолу: ҚР Конституциясы, «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР заңдары; Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының, мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдарының, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидалары; Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен бағдарламалары; Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің жұмыс қағидалары; Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандарты; Педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары, басқа да тиісті нормативтік құжаттар.

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

2-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың топтары: мүмкіндігі шектеулі балалар; психикалық функциялардың (ойлау қабілеті, қабылдау, зейін, есте сақтау) жеткіліксіздігі салдарынан жекелеген оқу дағдыларын меңгеруде қиындықтары бар балалар; ойлау және физикалық дамуында бұзылыстары жоқ, бірақ ерекше білім беру қажеттіліктері олардың білім беру процесіне қосылуына кедергі келтіретін әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты туындаған балалар. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері.

3-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалардың клиникалық-психологиялық-педагогикалық сипаттамасы: көру қабілеті бұзылған балалардың жіктелуі. Көру қабілеті бұзылған балалардың психофизикалық

дамуының негізгі заңдылықтары. Зағип балалар дамуының ерекшеліктері. Нашар көретін балалар дамуының ерекшеліктері. Көру қабілетінің функционалдық бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктері. Көру қабілеті терең бұзылған бала тұлғасының дамуындағы биологиялық және әлеуметтік факторлардың рөлі. Дефект (кемістік) және оның құрылымы туралы түсінік. Компенсация (өтеу) және коррекция (түзету) ұғымдары. Соқырлық пен нашар көруді компенсациялау. Қалдық көру қабілеті және зағиптардың оны пайдалану мүмкіндігі. Нашар көретін балалардың қалдық көру қабілетін пайдалануы және оның ерекшеліктері.

4-тақырып. Балалардағы көру қабілеті бұзылуының клиникалық-этиологиялық негіздері: көру анализаторының құрылысы; көру функцияларының жас динамикасы; орталық көру және оның сандық сипаттамалары, көру өткірлігінің жас динамикасы, көру өткірлігіне әсер ететін факторлар; перифериялық көру, көру өрісі, қарау өрісі, көру өрісінің бұзылуы; жарық сезу, жарыққа және қараңғыға бейімделу (адаптация), жарыққа және қараңғыға бейімделудің бұзылуы; түсті сезу, түсті көрудің бұзылуы; бинокулярлық көру, бинокулярлық көрудің бұзылуы; көзді қозғалту аппаратының бұзылыстары, қылилық, қылилықтың түрлері; нистагм, нистагмның түрлері; көрудің оптикалық механизмдерінің бұзылуы, миопия (алыстан көрмеушілік), миопияның даму факторлары, миопияның пайда болу кезеңіне, клиникалық барысына, дәрежесіне және асқынулардың болуына қарай түрлері; гиперметропия (алыстан көргіштік); астигматизм; көру қабілетінің функционалдық бұзылыстары, аметропия, амблиопия.

12. Мазмұндық модуль:

5-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы және оларды қанағаттандыру жағдайлары: «ерекше білім беру қажеттіліктері» ұғымы. Оқу бағдарламасын бейімдеу тәсілдері. Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту. Оқытудың вариативті, арнайы және баламалы әдістерін қолдану: компенсаторлық қызмет тәсілдерін қалыптастыруды және қолдануды қамтамасыз ететін тәсілдер; оқу ақпаратын қабылдау қолжетімділігін қамтамасыз ететін тәсілдер; оқытуды ұйымдастырудың арнайы тәсілдері; көру және тактильді (сипап сезу) шаршауды басатын және оның алдын алатын тәсілдер; оқытудың баламалы әдістері: көру функцияларын ынталандыру әдістері. Зағип, нашар көретін, амблиопиясы және қылилығы бар балалар үшін тәрбиеленушілердің сенсорлық-танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, дидактикалық құралдарды іріктеу, жеке оқу материалдарын дайындау. Кедергісіз орта қалыптастыру және оқу орнын бейімдеу: зағип, нашар көретін, амблиопиясы және қылилығы бар балалар үшін аумаққа, ғимарат ішіне кіруді/шығуды және қозғалуды қамтамасыз ететін құрылғылар; зағип, нашар көретін, амблиопиясы және қылилығы бар балалар үшін оқу орнын таңдау және ұйымдастыру критерийлері. Компенсаторлық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету: шолу, пайдалану ережелері. Арнайы психологиялық-педагогикалық көмек. Құжаттарды толтыру үлгісі.

6-тақырып. Мектепке дейінгі мекемеде мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру және оның мазмұны:

«психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» ұғымы. Балабақшада мүмкіндігі шектеулі тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ұйымдастырушылық негіздері. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді (ППС) ұйымдастыру мен оның мазмұнына командалық (пәнаралық) тәсіл. Тәрбиеленушінің ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау. Пәнаралық командалық бағалау негізінде жеке-дамыту бағдарламасын құру. Балаларды оқыту мен дамыту үшін арнайы жағдайлар жасау. Тәрбиеленушілердің отбасына көрсетілетін консультациялық-әдістемелік көмектің мазмұны. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің құжаттамасы. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесінің нәтижелілігін бағалау. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандары жұмысын ішкі бағалаудың формалары мен критерийлері.

7-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау оларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді дараландыру шарты ретінде: мониторинг жүргізуге арналған индикаторлар, диагностикалық құралдар (инструментарий), диагностикалық әдістемелерді бейімдеу, бақылау тапсырмаларын бейімдеу нұсқалары. Көру қабілетінің терең бұзылыстары бар балалардың дамуын психологиялық-педагогикалық зерттеудің негізгі тәсілдері. Балаларды тифлопедагогикалық тексеру: мақсаты, міндеттері, әдістері, шарттары, ұйымдастырылуы. Тифлопедагогикалық тексерудің компоненттері мен параметрлері. Көру қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық зерттеу нәтижелері жеке оқу және түзету-дамыту бағдарламаларының мазмұнын анықтаудың негізі ретінде.

9-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалармен ұйымдастырылған іс-әрекеттің түзету бағыты: компенсаторлық механизмдерді дамыту, екінші деңгейлі бұзылыстарды түзету және сақталған көру функцияларын барынша пайдалану үшін жағдай жасау. Оқытудың арнайы әдістері мен құралдары. Ұйымдастырылған іс-әрекет процесінде көру функцияларын қорғау және дамыту. Жеке-саралау тәсілі. Көру қабілеті бұзылған балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту. Көру қабілеті бұзылған балаларға дене тәрбиесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің ерекшеліктері. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Құрастыруға (конструирование) оқыту әдістемесі.

10-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. «Психологиялық-педагогикалық қолдау» ұғымы. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың қағидаттары. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету шарттары. «Жеке дамыту бағдарламасы», «түзете-дамыту бағдарламасы» ұғымдары. Тифлопедагогтің лауазымдық міндеттері. Тифлопедагог жұмысының негізгі бағыттары. Тәрбиеленушілердің көру мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістері мен тәсілдерін саралау. Түзету-дамыту процесін дараландыру. Арнайы түзету қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері. Арнайы түзету қызметінің түрлері. Көру қабілеті бұзылған балалардың көру қабылдауын дамыту әдісі. Зағип балалардың қалдық көру қабілетін дамыту әдісі. Кеңістікті бағдарлауды дамыту әдісі. Сипап сезу (осязание) мен нәзік моториканы дамыту әдісі. Зағип балаларды тифлографикаға оқыту әдістері мен

құралдары. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауды дамыту әдісі. Пайдаланылған арнайы түзету қызметінің әдіс-тәсілдері тұрғысынан педагогикалық жағдаяттарды талдау.

11-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған балабақшадағы емдеу-қалпына келтіру үдерісін педагогикалық сүйемелдеу: көру қабілеті бұзылған балаларға арналған емдеу-қалпына келтіру жұмысын ұйымдастыру және оның мазмұны: кезеңдері, емдеу әдістері. Балаларды аппараттық емдеуге педагогикалық дайындау мазмұны. Емдеудің әрбір кезеңінде көру функцияларын белсендіруге және ынталандыруға бағытталған педагогикалық әсер ету жүйесі. Бұзылған көру функцияларын дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды іріктеудегі жеке тәсіл. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің емдік-педагогикалық негіздері.

12-тақырып. Көру қабілетінің бұзылуын қамтитын дамуында күрделі бұзылыстары бар балалармен түзету-дамыту жұмысы: қазіргі арнайы педагогикадағы дамудың күрделі бұзылыстары мәселесінің өзектілігі. «Күрделі» және «асқынған» дефект (кемістік) ұғымдарын ажырату, олардың анықтамалары. Күрделі бұзылыстардың құрылымы мен түрлері. Жетекші дефект (кемістік), оны анықтау критерийлері. Неврологиялық синдромдар кешеніндегі көру бұзылыстарының синдромдары. Балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау ерекшеліктері. Жеке түзету-дамыту бағдарламасын әзірлеу. Түзету-дамыту жұмысының кезеңдері. Түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері. Коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру бойынша арнайы түзету қызметін ұйымдастыру және оның мазмұны. Түзету-коммуникативтік технологиялар. Түзету-әлеуметтік технологиялар.

13. Технологиялық модуль:

8-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істеудегі заманауи педагогикалық технологиялар: көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы жеке тұлғаға бағытталған технологиялар. Көру өткірлігі әртүрлі балалардың көру мүмкіндіктерінің медициналық-педагогикалық сипаттамасы. Көру патологияларының белгілі бір түрлері бар балалар үшін оқу-тәрбие процесіндегі қарсы көрсетілген факторлар. Көру жүктемесінің режимі. Рұқсат етілген көру жүктемесін жеке нормалау. Көру жұмысына жағдай жасаудағы жеке-саралау тәсілі. Көру жүйесінің функционалдық күйінің сипаттамасына сәйкес көру шаршауын басу тәсілдерін дараландыру. Көруді қорғау мен дамытудың денсаулық сақтау технологиялары: көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің офтальмо-гигиеналық негіздері. Көру гигиенасы және оны қорғау. Көру қабілеті бұзылуының дәрежесі мен сипатына сәйкес офтальмо-гигиеналық және қорғау іс-шараларының бағыты мен мазмұнын саралау. Эргономикалық жағдайлар мен көру жұмыс қабілеттілігін дамыту факторлары. Жарықтандыру және жарық режимі. Аурудың клиникалық формасын, клиникалық дефектінің (кемістіктің) айқындалу дәрежесін, қылилық түрін және окклюзия сипатын ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыру кезінде баланың орнын анықтау. Қылилық түріне және көз патологиясының формасына байланысты көру жұмысын орындау үшін жұмыс бетінің

жазықтығын пайдалану. Баланың көру анализаторы мен бүкіл ағзасының шаршауын болдырмау және оның алдын алу. Базарныйдың денсаулық сақтау технологиясы.

13-тақырып. Мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдары жұмысының сабақтастығын қамтамасыз ету: сабақтастық – білім берудің үздіксіздігінің шарты. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту сабақтастығын ұйымдастырудағы мектепке дейінгі және мектеп педагогтерінің қиындықтары. Мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарының сабақтастығын қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық компоненттері. Басқарушылық (әкімшілік) сабақтастық. Ұйымдастырушылық сабақтастық. Технологиялық сабақтастық. Көру қабілеті бұзылған балалардың арнайы мектепке дейінгі ұйымнан жалпы білім беретін мектепке ауысу ерекшеліктері. Жұмыс сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша балабақша мен мектептің өзара іс-қимыл алгоритмі.

14. Вариативті модуль

14-тақырып. 1) Көру қабілеті бұзылған баланы тәрбиелеп отырған отбасын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу: сүйемелдеудің мақсаттары мен міндеттері. Отбасы ішілік өзара қарым-қатынас бұзылыстарының ерекшеліктері. Психологиялық-диагностикалық жұмыстың негізгі бағыттары. Отбасын зерттеу әдістері. Отбасы ресурстарын бағалау, отбасы мәселелерін зерттеу, қажеттіліктерді анықтау. Отбасын сүйемелдеу принциптері. Отбасымен психологиялық-түзету жұмысы. Мамандардың тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмыс істеу бағыттары. Сүйемелдеудің формалары мен әдістері. Балалармен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмысқа отбасының қатысуын белсендіру. Отбасын сүйемелдеу нәтижелерінің тиімділігін талдау.

2) Көру қабілеті терең бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік іс-әрекетін қалыптастыру: көру қабілеті терең бұзылған балалардың қарым-қатынасқа әсер ететін ерекшеліктері. Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша жұмыстың негізгі бағыттары. Сенсорлық базаны дамыту. Бейвербалды қарым-қатынасқа оқыту. Вербалды коммуникацияны дамыту. Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Психологиялық ерекшеліктерді түзету. Коммуникация дағдыларын дамытудың тиімді әдістері мен тәсілдері.

Вариативті модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріспе сауалнама барысында анықтайды.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

15. Курстың ұзақтығы Бағдарлама тақырыбына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды.

16. Оқыту дәстүрлі аудиториялық (күндізгі) немесе қашықтықтан (онлайн) форматта жүзеге асырылады.

17. Білім беру үдерісі оқытудың дәстүрлі және интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтарда және жұптарда практикалық жұмыс, топтарда тренинг, мастер-класс, кейстер әдісі, сұрақтарды бірлесіп шешу.

18. Педагогтардың бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: топтарда жұмысты одан әрі талқылау және рефлексия арқылы кеңінен пайдалану; құжаттамамен жұмыс істеу; шағын топтарда теория мен практиканың негізгі мәселелерін талқылау, одан кейін ұжымдық жұмысты таныстыру, көшпелі практикалық сабақтар, мұғалімдерге командалық жұмысты үйрету, нақты жағдайларды талдау және имитациялық модельдерді пайдалану.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

19. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

- 1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) мультимедиялық презентациялар, бейнематериалдар;
- 3) дидактикалық материалдардың бейімделуін талдауға арналған үлестірмелі материалдар. Үлгілік оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламасын құру процесін бейнелейтін үлестірмелі материалдар.
- 4) тифлопедагог пен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының құжаттама үлгілері
- 5) кері байланыс парақтары, бақылау және өздік жұмыс материалдары.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

20. Дағдылардың қалыптасуын бақылау және тыңдаушылардың білімін бағалау мақсатында: экспресс-сауалнамалар, өзіндік жұмыстар, қорытынды бақылау жұмысы жүргізіледі. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, сауалнама парақтары, тестілік тапсырмалар курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

21. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін және Бағдарлама мазмұнын игеруін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы кері байланысты жүзеге асыру мақсатында Бағдарламаның әрбір тақырыбы аясында бақылау тапсырмаларын (өзіндік жұмыстар, сауалнама парақтары және т.б.) және қорытынды бақылау жұмысын әзірлейді. Алынған кері байланыс негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша материалдар (құжаттама үлгілері, әдебиеттер тізімі, дидактикалық материалдар тізбесі, бейнематериалдар және т.б.) іріктеледі, Бағдарлама мазмұны бойынша қосымша түсіндірулер жүргізіледі. Қорытынды бақылау жұмысының орындалуы келесі критерийлерге сәйкес бағаланады: іске асырылмаған (дұрыс жауаптар ұсынылмаған), ішінара іске асырылған (дұрыс жауаптар 50%-дан кем), орташа деңгейден жоғары іске асырылған (дұрыс жауаптар 50%-дан 70%-ға дейін), толық іске асырылған (дұрыс жауаптар 70-100%). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін дұрыс жауаптардың кемінде 70%-ын жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде курстан кейінгі сүйемелдеу кезеңіндегі консультациялардың мазмұны жоспарланады.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

22. Тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу келесі формаларда жүзеге асырылады:

- жеке, топтық консультациялар (соның ішінде бейнеконференция режимінде);
- мәтіндік және бейнематериалдарды пайдалана отырып, әдістемелік және нормативтік-құқықтық сүйемелдеу;
- әдістемелік тақырыптық семинарлар (соның ішінде вебинарлар);
- дөңгелек үстелдер.

10. Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы.

2. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша.

4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы.

5. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (2023 жылғы 3 шілдедегі жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен).

6. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы.

7. «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы.

8. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

9. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, мамандандырылған, арнайы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға

арналған білім беру ұйымдары, балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.

10. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар (көру қабілеті бұзылған) балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 3-қосымша.

11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы.

12. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, арнайы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.

13. «Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.08.2023 жылғы № 249 бұйрығының редакциясында).

14. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы.

15. Вишневская Т.А. Методические рекомендации к использованию дидактических игр и упражнений для развития осязания и тонкой моторики у незрячих детей дошкольного возраста. – Алматы: ННПЦ КП, 2018.

16. Вишневская Т.А. Организация и содержание коррекционной работы по развитию осязания и тонкой моторики у незрячих детей дошкольного возраста: методические рекомендации. – Алматы, ННПЦ КП, 2016.

17. Вишневская Т.А. Художественный труд. Тифлографика. Методическое пособие/Алматы: ТОО «Центр САТР», 2018

18. Г.М. Коржова, Т.А. Вишневская, А.Т. Баймуратова, О.В.Завалишина. Организационно-методические основы педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования – Алматы: ННПЦ развития специального и инклюзивного образования, 2020.

19. Организационно-содержательные основы психолого-педагогического сопровождения воспитанников специальных дошкольных организаций образования различных видов / авторы-составители Г.М.Коржова, Т.А.Вишневская – Алматы: ННПЦ РСИО, 2024.

20. Денискина В.З. Особые образовательные потребности, обусловленные нарушениями зрения и их вторичными последствиями // «Дефектология». - 2012. - №5.
21. Денискина В.З. Образовательные потребности детей с нарушением зрения // Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. –2013. – № 6.
22. Дружинина Л. А. Пример индивидуальной пропедевтической коррекционной программы обучения ребенка дошкольного возраста с тяжелой патологией зрения (развитие зрительного восприятия): Учебно-методическое пособие / Л. А. Дружинина. – Челябинск, 2010.
23. Дружинина Л.А., Осипова Л.Б. Психолого-педагогическое изучение развития ребенка дошкольного возраста с глубокими нарушениями зрения. - Учебно-методическое пособие. – Челябинск: Изд-во ЗАО «Библиотека А. Миллера», 2022.
24. Дружинина Л.А. Коррекционная работа в детском саду для детей с нарушением зрения. – М., «Экзамен», 2006.
25. Земцова М. И. Особенности познавательной деятельности детей с нарушением зрения/ Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. - 2013 - N 3.
26. Малева З.П. Подготовка детей дошкольного возраста к лечению на специальных медицинских аппаратах.- ЧИДПОПР, Ч., 2001.
27. Малева З.П. Подготовка детей дошкольного возраста с нарушением зрения к плеопто – ортоптическому лечению. - М.: изд., 2008.
28. Подколзина Е.Н. Индивидуальные коррекционные занятия тифлопедагога с дошкольниками, имеющими тяжелую зрительную патологию и сопутствующие заболевания. - М.: Российская государственная библиотека для слепых, ООО «ИПТК «Логос» ВОС», 2008.
29. Подколзина Е.Н. Тифлопедагогическая диагностика дошкольника с нарушением зрения // Вестник тифлологии. - 2010. - № 2.
30. Подколзина Е.Н. Особенности использования наглядности в обучении детей с нарушением зрения. // Дефектология. – 2005. - № 3.
31. Подколзина Е.Н. Особенности пространственной ориентировки дошкольников с нарушением зрения//Дефектология -2008-№4
32. Рекомендации по адаптации образовательных программ для детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования/ Коржова Г.М., Вишневская Т.А., др.- Алматы: ННПЦ РСИО, 2019.
33. Фомичева Л.В. Клинико-педагогические основы обучения и воспитания детей с нарушением зрения. – СПб, 2007.
34. Шведова Н. П. Рельефная наглядность для слепых / Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. - 2013 - N 1.

Қосымша әдебиеттер тізімі

35. Андриященко Е.В. Развитие осязания и мелкой моторики рук у детей с нарушениями зрения (5-7 лет): методическое пособие для тифлопедагогов ДОУ– Челябинск: Цицеро, 2010

36. Вишневская Т.А. Педагогическая коррекция зрительных нарушений у детей дошкольного возраста с амблиопией и косоглазием – Алматы, ННПЦ КП, 2009
37. Григорьева Л.П., Бернадская М.Э., Блинникова И.В., Солнцева О.Г. Развитие восприятия у ребенка. Пособие для коррекционных занятий с детьми с ослабленным зрением в семье, детском саду, начальной школе. – М., «Школа-Пресс», 2001
38. Воспитание и обучение слепого дошкольника/ под ред. Л.И. Солнцевой, Е.Н. Подколзиной. – М., 2005.
39. Денискина В.З. Особенности воспитания детей с нарушениями зрения: учеб.-метод. Пособие. - Москва: ООО "ИПТК "Логосвос", 2016.
40. Дружинина Л.А., Осипова Л.Б. В помощь тифлопедагогу ДОУ: учебно-методич. пособие – Челябинск, 2010.
41. Лисина Ю. В., Селивёрстова А. В. Обучение ориентированию и мобильности детей с нарушениями зрения: методические рекомендации - Москва: РГБС, 2017.
42. Лысова А.А. Методика развития пространственной ориентировки детей с нарушениями зрения. Учебное пособие. — Челябинск: Библиотека А. Миллера, 2023.
43. Лысова А.А., Бухарина Н.О. Формирование социального опыта детей дошкольного возраста с нарушениями зрения. - Челябинск: Издательство «Библиотека А. Миллера», 2024.
44. Лысова А.А. Развитие коммуникативных умений у детей дошкольного возраста с нарушениями зрения. Методические рекомендации. — Челябинск : Библиотека А. Миллера, 2021.
45. Осипова Л.Б. Ознакомление с окружающим миром детей с нарушением зрения 3–4 лет. - Челябинск, 2014.
46. Подколзина Е.Н. Пространственная ориентировка дошкольников с нарушением зрения. – М.: ЛИНКА-ПРЕСС, 2009.
47. Плаксина Л.И., Григорян Л.А. Содержание медико-педагогической помощи в дошкольном учреждении для детей с нарушением зрения.- М.: Город , 1998
48. Подугольникова Т.А., Козлова Е.А., Носова М.Ф., Самохина Н.В. Развитие способности к зрительному поиску и локализации объектов с помощью компьютерной программы «Цветок» у детей дошкольного возраста с функциональными нарушениями бинокулярного зрения. - //Дефектология, 2007, №2
49. Развитие социальных и бытовых навыков у незрячих детей: обзор зарубежных материалов. - Москва, 2018.
50. Развитие у незрячих детей навыков, необходимых для успешной социализации: реферативный перевод по материалам журнала Future Reflections / Рос. гос. б-ка для слепых – Москва : РГБС, 2016.
51. Ремезова Л.А, Компанцева М.А., Сергеева Л.В., Лапшина Т.В. Развитие восприятия эмоций у дошкольников с нарушением зрения: учебно-методическое пособие. - Ульяновск, 2012.

52. Л.А. Ремезова. Медико-психолого-педагогические аспекты коррекционной направленности обучения дошкольников с нарушением зрения. // Известия Самарского научного центра Российской академии наук, т. 12, №5(3), 2010

53. Феокистова В.А. Развитие навыков общения у слабовидящих детей. СПб, 2005.